

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/WCDU8052>

***А. Ф. Талипова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: asem_talipova@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9189-1685>

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Бұл мақала Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің фольклорлық мұрасы туралы және оның шығармашылығы бүгінгі күні қаншалықты деңгейде зерттелгені жөнінде кешенді талдау болып табылады. Қазақ әдебиетінің дамуына, соның ішінде фольклортану ғылымдарының өсінуіне зор үлес қосқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын жан-жақты зерттеу ісі – бүгінгі күннің өзекті тақырыптарының бірі болып табылады.

Белгілі ғалымдар мен әдебиеттанушылар оның қазақ тілі мен әдебиеті және мәдениетіне қосқан үлесін тереңірек түсіну және бағалау үшін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерін зерттеумен айналысты. Осындай зерттеушілердің қатарында тіл мен әдебиет, тарих және философия, психология мен педагогика, этнография, мәдениеттану салаларындағы ғылым докторларын, фольклортанушы-ғалымдарды атауға болады, олардың жұмыстары Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы және оның Қазақстан тарихы мен мәдениетіндегі ролі туралы түсінігімізді кеңейтуге көмектеседі.

Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығына, фольклорға қатысты жазылған түрлі зерттеу жұмыстарын сараптай отырып, ақынның мол мұрасын қаншалықты деңгейде зерттелгенін қарастыру, сонымен бірге Мәшһүр Жүсіп мұраларының қай саласында әлі де толық талдау жасалмағанын айқындау, ашып көрсету мақаланың мақсатына жатқызылады.

Кілтті сөздер: Мәшһүр Жүсіп, фольклор, мәдени мұра, Мәшһүртану, зерттелу тарихы.

Кіріспе

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ халқының фольклорлық шығармалары мен поэзиясының қажымас жинаушысы және зерттеушісі ретінде танымал, шығармашылық мұрасы өте бай. XIX–XX ғасырлар тоғысындағы күрделі және шым-шытырық кезең дәуірінде ақын қазақ халқының сана-сезімін оятуға және бостандық пен тәуелсіздікке қол жеткізуге әрекеттер жасады. Ақын – өмір бойы ғылым-білім арқылы ұлтының санасын оятуға ұмтылып, тура жолды нұсқай білген ғұлама жанның бірі. Ол XX ғ. басындағы қазақ әдебиетінің әртүрлі саласында, ауызша және жазбаша поэзияның ең жақсы дәстүрлерін жалғастырушы ретінде қалдырған мол мұраларымен қазақ әдебиеті тарихының аталған кезеңінен ерекше орын алады, өз мұраларында жарық пен ақылдың, білім мен ағартушылықтың өз заманының озық идеяларын енгізді. Сол дәуірдің қиын-қыстау кезеңінде өмір сүріп, Кеңес үкіметі тарапынан әділетсіздікке ұшыраған Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбектері бүгінгі күнге дейін жеткен деп айтуға болады. Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін, біртуар тұлғаның есімі тарихтан лайықты орын алып, жарық жұлдыздай жарқырай түсті. Оның бұрын-соңды болмаған өмірлік биігінің беймәлім беттері енді ашылып, көп жылдар бойы тиым салынған мұраларын өз халқымен қайта қауышуға мүмкіндік туды. Осы орайда көп еңбек еткен, Мәшһүртануға атсалысқан, ақынның өмірі мен шығармашылығын жинап, артында қалған фольклорлық еңбектерін топтастырып және зерттеп, бүгінгі күннің ұрпақтарына оның туындыларының сақталып жетуіне атсалысқан тұлғалардың еңбектерін қарастыру қажет.

Материалдар және әдістері

Қазақ әдебиеттану ғылымында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының алар орны ерекше. Мақаланы жазу барысында көптеген отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, теориялық материалдарды жинақтау, еңбектерді талдау, саралау, сараптау мен пікірлерді қорыту әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Мәшһүр Жүсіп Көпеев XX ғасырдың басында өзінің баға жетпес мол мұраларымен қазақ әдебиет тарихында ерекше орын алады. Ақынның шығармашылық мұрасы – барлық түркі тілдес халықтардың әдебиеті үшін рухани байлық. Оның шығармалары халықты жақсылыққа, шындыққа, парасаттылыққа шақырады, олар ұлттық сананы оятуға бағытталған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз заманының көрнекті тұлғасы, рухани көшбасшысы болған, терең ілімнің тасымалдаушысы. Бірақ, өкінішке орай, Кеңес үкіметі кезеңінде ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектеріне тыйым салынып отырылды. Ақын өз шығармашылығында көптеген діни нышандарды пайдаланғаны

үшін, оның шығармаларын дінді насихаттау деп қабылдаған кеңестік жүйе оны ұзақ ғасырлар бойы үндемеу арқылы рухани өлім жазасына кесті. Шығармаларының қырық пайызының із-түссіз жоғалып кеткенін өкінішпен айтқанның өзінде, акын, ойшыл, тарихшы, этнограф, аудармашы, шығыстанушы, қазақтың ауызекі халық шығармашылығын жинақтаушының шығармашылық мұрасының жан-жақтылығы әлі күнге дейін таңғалдырады. Тек Тәуелсіздік жылдары ғана еліміздің мәдени кеңістігіне қазақ халқының әйгілі ағартушының мұрасын зерттеуге және қайтаруға мүмкіндік берді.

Артына мол мұра, өшпес із қалдырған Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын зерттеу мәселесі бүгінгі күні екпінді темппен жүруде. Бірақ, соған қарамастан көптеген ғалымдар, зерттеушілер мен әдебиеттанушылар Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы жайлы өз еңбектерінде аз-мұз тоқтағандары болмаса, арнайы зерттеу нысанына айналдырып, толық түрде зерделеу ісі бұл салада аз десек, артық айтпаған боламыз. Осыған қатысты, бұл мақалада біз Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұраларының зерттелу жайы, оның шығармашылығына қатысты айтылған әртүрлі ой-пікірлер, көзқарастар туралы және ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орнын айқындау мәселесіне біраз шолу жасадық.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің аты Кеңес дәуірі кезінде айтылмай, айтылған күннің өзінде қысқа ғана шолу жасалып отырылған. Кең көлемде зерделеніп талқыланып, жан-жақты бағасын ала-алмағандығы баршаға мәлім. Бұған басты себеп–патшалық Ресей саясаты. Мәшһүр Жүсіптің табиғи ақындық дарыны, туған халқының тарихы мен мәдениетін керемет білу, аналитикалық ойлаудың ерекше қабілеттері оған сол кезеңде болып жатқан оқиғалар мен қоғамдық құбылыстардың мәнін тереңірек және анық түсінуге мүмкіндік берді. Бірінші революция оған үлкен әсер қалдырып, сол кезде туған елінде болып жатқан оқиғаларға жанашырлықпен қарап, осыған қатысты өзінің «Қанды жексенбі» өлеңін жазып шығарады. Бірақ, өкінішке орай, жергілікті билік бұл өлеңді шығаруға тыйым салады. Өз өлеңдерінде сол кездегі заман шындығын, патша отаршылдығын әшкерелеп, сынап отырған. Әсіресе, ақынның «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты туындысында Ресей империясының басқыншылық саясаты, қазақ халқыны өз жер-суынан айырылып, патшаның отаршылдық талауына түскенін мейлінше айқындап жазады.

- Айырылған біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.
Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді.
Қойнында құшақтаған жесірінен.
Адасып осы күнде қазақ қалды
Бұрынғы ата-баба рәсімінен.

Жылқыға керек жерге егін салып,
Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен.
Жайлауы баратұғын тарылған соң,
Айырылды мал да, жан да несібінен.
Мұжықтың кесірінен қыс көбейіп,
Кеміді төрт түлік мал өсімінен.
Зынданда не шаһбаздар нақақ жатыр,
Ұлықтың қылған зорлық кесімінен.
Айырылды біздің қазақ Нұрасынан,
Атаның мекен салған мұрасынан.
Законды жылқышы мен қойшы білді

Үйреніп мал қамайтын қорасынан [1, 276-б.], - деген өлең жолдарынан патшаның қыспағында күн кешкен бейбіт халықты оянуға жар салып, жер-су өздерінікі екенін, сол үшін жерді қорғауға қарсы тұруларына ұран тастайды. Халықты өнерге, өсіп жетілуге, өркениетті ел болуға шақырды.

Бар мақсаты қазақтың көзін ашып, көкірегін ояту еді. Осы себепті, жоғарыда жазғанымыздай, сол кезде де, Кеңес дәуірі кезінде де Мәшһүр Жүсіп аты ұмытылып қана қоймай, оның туындылары мақсатты түрде жойылды. Тек жиырмасыншы ғасырдың бел ортасынан былай қарай ақынның есімі халқына қайта оралып, оның шығармашылығы кең аяда зерттеліне бастады, сонымен қатар оқулықтарға енгізіліп оқытыла бастады. Ұзақ жылдар бойы қазақ әдебиеттану саласында жабық күйінде келген ақын шығармашылығы жайында ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік туды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын кімдер бастап зерттеді деген сұрақтарға тоқталғанда, ақын туралы және оның өмірі туралы өз мақаласында алғашқылардың бірі болып көрсетіп кеткен археолог, этнограф, тарихшы Әлкей Марғұлан екенін атап өткіміз келеді. 1940 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің № 2 санына Ә. Марғұлан «Мәшһүр Жүсіп» мақаласында Мәшһүрдің шыққан тегі, өскен ортасы, шығармашылығы туралы мағлұмат береді [2, 12-б.]. Мұнда Әлкей Марғұлан: «Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, парсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Химия, физика, астрономия ғылымдарынан хабары болған. Мәшһүрдің бұл сияқты терең ғылымдармен танысуына көз болған, көбінесе Әбу Әли Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы Бұқара ғалымдарының шығармалары және араб, фарсы, түрік кітаптарын көп оқыған. Мәшһүр Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы», - деді [3, 239-б.].

Сондай-ақ, қазақ әдебиетін орыс оқырманына танытқан тұңғыш әдеби сыншылардың бірі, публицист Смағұл Сәдуақасов та Мәшһүр

Жүсіпті өз мақаласында жазып, ғылыми тұрғыда талдап көрсеткен. Ол 1919 жылы «Трудовая Сибирь» журналында шыққан «Киргизская литература» очеркінде қазақ әдебиетінің хал-ахуалы мен даму жолдарын – ауызша халық шығармашылығынан бастап жазба шығармалардың пайда болуына дейін жан-жақты суреттейді. Смағұл Садуақасовтың айтуынша, қазақ әдебиетінің жазбаша дәуірі 19-шы ғасырдың екінші жартысынан басталады, бірақ ауызша әдебиет те сонымен бірге қаптарласып өмір сүре береді деді. Жазба әдебиеттің негізін қалаушылар Мәшһүр Жүсіп Көпеев болды, оны жұрттың бәрі «атақты» деп атады, ал кейінірек Абай Құнанбаев болды [4, 57-б.]. Мәшһүр Жүсіпті қазақ әдебиетінің соны беті – халықтық бағыттың іргетасын қалаған тұлға деп есептейді. Осылайша, Мәшһүр атамызды көзі тірісінде алғаш рет бағаланған мақала деп айтуға болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өз өмір сүрген дәуірінде баспа бетін көрген, газет-журналдарда басылып шыққан, фольклор мұраларын жинап таратқан еңбектерімен қазақ еліне аты кең жайылып, зор құрметке, үлкен бағалауға ие болғандығы ХХ ғ. басындағы жазылған түрлі ақын хақындағы пікірлер растай түспек. Атап айтсақ, өз еңбегінде Мәшһүр туралы көптеген жылы пікірлер білдіріп, еңбектеріне (сол кезде жарияланған) сын айтып, өзінің көзқарасын білдірген және оның шығармашылығын зерттеген ғалым, әдебиетші, профессор Бейсембай Кенжебаев болды. Ол «Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары» атты еңбегінде Мәшһүр Жүсіпті 1907 жылы қазанда жарық көрген үш кітабына бөлек сілтеме жасай отырып, ағартушылық-демократиялық бағыттағы ақындардың бірі ретінде қарастырады. Ғалым ақынның шығармаларында өз кезеңіне қатысты мәселелерді көтеруді, атап айтқанда, ел ішіндегі келеңсіз әрекеттерді, би-болыстарды, патша өкіметінің шенеуніктерін сынауды, халықтың оянуға, өнерге, мәдениетке, оқуға және іргелі ел болуға шақыруын жоғары бағалайды. Халықтың берекесін кетіретін озбырлармен үнемі күресте болып, өз шығармашылығында осы тақырыптарды көтерген ақын туралы профессор Б. Кенжебаев: «Мәшһүр шығармашылығының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды» [5, 63-б.], - деп осы мәселе бойынша өз пікірін білдірді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевті зерттеу жағын қарастырғанда тек қана әдебиеттанушылар мен фольклористер ғана емес, солардың қатарында белгілі тарихшылар да жүрген. Бұл жерде олар ақынның шығармашылық мұраларын емес, сол кезеңдегі өмір сүрген тарихи тұлғаның өз дәуірінің әлеуметтік, экономикалық, саяси, діни және мәдени өмірінің көптеген мәселелеріне қатысты көзқарастарын білдіріп отырған. Қиын-қыстау кезеңде өмір сүрген ақын мұраларына көлеңке түсіріп, оны «діншіл»,

«панисламист», діни-мистикалық ағымның өкілі деп саналып, бір жеке басына сан алуан айып тағылып отырған. Ресей империясына бодандықта, отаршылдықта жүрмесін деген оймен қазақ халқы үшін ислам дінінің ерекше мәдени және рухани қорғаушы екендігін айтқан Мәшһүрді сол кезеңде сынаған ғалымдар да болды. Бұл мәселе, өкінішке орай, Мәшһүр ағамыз көтерген ислам құндылықтарын бұрыс түрде көрсеткен кітап жүзінде де, ғылыми зерттеу мақалары ішінде де жазылған. Соның бірі тарихшы К. Б. Бейсембиевтің «Идейно-политические течения в Казахстане конца XIX-начала XX века» атты монографиясында [6, 241-б.] «Копеев в целом стоял на позициях религиозного мировоззрения, но в его сочинениях немало и реалистичных высказываний, содержащих истину и имевших для своей эпохи прогрессивное течение», - дей отырып Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы дінге, исламға қатысты ой-пікірлерін қатты сынға алып жазған. Әрине, бұл сол Кеңес үкіметі кезіндегі қалыптасқан дінге деген теріс көзқарастың әсері. Бірақ соған қарамастан шынайы халықтық шығармалар тудырған ақын есімі қай кезде де халық жадында болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірбаяны, оның шығармашылық жолы мен туындылары туралы көлемді түрде жазылған мақалалардың бірі 1988 жылы жарық көрген «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты еңбектерде фольклортанушы ғалым З. Сейтжанов 36 бетті қамтитын мақаласында толықтай тоқтап талдау жасады. Ғалымның айтуынша, Мәшһүр Жүсіп - халық тарихын түсіну үшін халық ауыз әдебиетінің қандай мән-маңызы бар екенін жете түсініп, дұрыс баға берген кісі. Мақалада Мәшһүрдің фольклор үлгілерін жазып алғанда ескі сөздердің қалпын бұзбай жазып алуды мақсат етіп, тіпті әзіл-қалжың сөздердің өзі қалай айтылса, сол қалпында бұзбай қағазға түсіріп отырғандығы және оның жинаған мұралары табиғи көне түрін мол сақталғандығымен ерекшеленетіндігі сөз етіледі. Дегенмен де, автор сол кезеңдегі фольклортану ғылымының кемелденіп толыспағандығы, зерттеу жүргізу жолдары жаңа ғана анықталып келе жатқанына байланысты Мәшһүр Жүсіптің фольклорлық үлгілерді жинауда әдеби мұраны талғап, таңдап, идеялық мазмұны терең, нағыз халықтық шығармаларды ғана саралап-сұрыптап жинаған деп үзілді-кесілді айтуға болмайтындығын айтып өтеді [7, 365-б.]. Бірақ осының барлығы халық ауыз әдебиетінің қыруар мұрасын жинап, сақтап, рет-ретімен қағаз жүзіне жазып айналысудағы ұлы адамның еңбегі сол кезең үшін де, қазіргі кезең үшін де бағалы да игілікті іс деп білу қажет.

Жоғарыда айтып өткендей, Мәшһүр Жүсіп еңбектерін әдебиет, тарих пен философия салаларының аясында қарастырып жатқан зерттеушілерге қоса, біздің жеріміздің әйгілі өлкетанушысы Ю. Г. Попов Мәшһүр Жүсіп мұраларын зерттеуге өз үлесін қосқан. «Многранный талант Машхур-Жусупа

Копеева» атты еңбегінде ақын шығармаларының қай жылы жазылып, қандай журнал-газеттерде шыққаны жөнінде мәлімет берген. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев сол кездегі газеттерге түрлі тақырыптағы хат-хабарлар жазып және солардың ішінде дала тұрғындарының білім беру мәселесіне көп көңіл бөлгенін және қазақ даласында сауаттылықтың таралуы молдалардың қызметімен байланыстырғанын айтып өтеді [8, 508-б.]. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын тағы бір жаңа көзқараспен қарастырған Павлодар өңірінің ақыны, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Виктор Семерьянов «Вершина Машхура» поэмасында сол кезеңде Мәшһүрді мазалаған барлық мәселелер және оның тағдырының маңыздылығы туралы жазады. Мәшһүр өлеңдерінде кездесетін махаббат, мейірімділік, ақыл, ар-намыс, патриотизм, ар-ождан сияқты мәңгілік және тұрақты ұғымдар да ақын поэмасынан да көруге болады.

Всю жизнь он мечтал о свободе

Казахских родов и племен.

Машхур свои долги годы

Был этой мечтой открылен.

И эта мечта не стихала,

Какое бы время не будь... [9, 32-б.] деген жолдардан-ақ Мәшһүрдің өз дәуірінде қазақ халқының көрші Ресей мемлекет ықпалынан қалай зардап шеккенін көріп, халық еркін болады деп армандаған ақынның тұлғалық бейнесі, оның асылдылығы мен тектілігі айқын ашылады.

Ақынды тану барысында Мәшһүрдің ақындығы, поэзиясының тұлғалық қасиеттері, ақынның тұлғасы жайында құнды деректерді М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ә. Жиреншиннің, Ы. Дүйсенбаевтың, М. Бөжеевтің, Д. Әбіловтің тағы өзге де ғалымдарымыздың еңбегінен табамыз. Мәшһүртану саласына айрықша үлес қосып келе жатқан М. Бөжеевтің зерттеулері ақынның өмірі мен шығармаларын танытуда өзіндік биік бір белес. Ғалымның ақын жайлы «Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында», «Замана кейіпкерлері» тағы сол сияқты жаңалыққа толы ғылыми мақалалары жарық көріп, Мәшһүртану ғылымын дамытуға өз үлесін қосты.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін дархан даланың ұлы тұлғасы Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығын зерттеу мен насихаттау кең ауқымға ие болды. Қазақстандық ғалымдар мәшһүртану тарихында ұлы кемеңгер Мәшһүр Жүсіптің энциклопедиялық шығармашылығының әртүрлі қырларын қарастырды. Осы көпжылдық ғылыми қызметтің нәтижелері Мәшһүрдің қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген туындылар, іргелі монографиялар, түрлі ғылыми мақалалар түрінде ғана емес, сонымен қатар бірқатар ғылым салаларында кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалып, ол туралы ғылыми еңбектер жарық көрді. Соның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын алғашқылардың бірі болып зерттеген,

оның еңбектерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, көркемдік жақтары мен идеялық-тақырыптық арналарды ашып көрсеткен ғалымдардың бірі Сейфитден Назымбекұлы Сүтжанов. Ғалым «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы» [10] атты диссертациясында сол кездегі өмір сүрген қазақ елінің тұрмыс-тіршілігі мен саяси-әлеуметтік жағдайы және осының барлығы Мәшһүр бабамыздың шығармашылығына қалай әсер еткендігі талданылды. Сол аумалы-төкпелі заман кезінде болған жағдаяттар Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің туындыларында айрықша орын алынғаны жөнінде сөз етіледі. Бұл еңбекте қаламгердің поэтикалық шығармаларының тақырыптық алуан түрлілігін, жанрлық ерекшелігін, көркемдік ерекшеліктерін ашып, сол арқылы ақынның қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін айқындайды. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын тұтас қамтып, толық әрі жан-жақты терең талдауға талпыныс жасалған кандидаттық диссертация дәрежесіндегі күрделі еңбектердің бірі болып табылады. Ғалымның Мәшһүртануға қосқан үлесі зор деп айтсақ қате болмас, себебі 2001 жылы шыққан «Мәшһүр мұрасы» атты оқу құралы, одан кейін жарияланған «Мәшһүртану курсы. Дәрістер жинағы» оқу құралы ақын шығармашылығын зерттеуде өлшеусіз қызмет атқарды деп айтуға толық мүмкіндік береді.

Бұдан басқа қорғалған жұмыстардың ішінен 2002 жылы қорғалған Б. Бейсеновтің «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлеуметтік философиясы» атты кандидаттық диссертациясын атап өтуге болады. Бұл ретте айта кеткен жөн, Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарасына және оның өмірі мен шығармашылығындағы діни дүниетаным мәселелері туралы жазылған кешенді еңбектер мен зерттелінген талдаулар жарық көрді. Міне, осы философиялық тұрғыда біршама ғалымдардың еңбектенгені мәлім. Ойшыл ақының дінтанушы, рухани ағартушы философ болып табылатын алып тұлғаның күллі бітім болмысын қамтып, ғылыми тұрғыда талдап, таратып, арнайы зерттеу еңбектер жазған ғалымдар С. Нұрмұратов пен Б. Сатершиновті айта кетуді жөн көрдік. «Ұлы тұлғалары» кітаптар сериясы аясында «Мәшһүр Жүсіп Көпеев» атты еңбекті құрастыруға бірігіп, тікелей атсалысты. Сондай-ақ, олар өздерінің «Мәшһүр Жүсіп Көпеев дүниетанымының ерекшеліктері» атты еңбегінде оның діншілдігі ерекше сипатта, яғни, ол догмалық деңгейде қалып қоймаған, үнемі шығармашылық ізденістегі, ғылым мен жаңашыл білімнің жетістерін ескеретін ойшыл философ екенін атап өтеді. Ол ғылымның, ғылыми танымның, психологиялық ұғымдардың қоғамдағы маңызын жете түсінеді және олардың әрқайсысына өзіндік ғылыми сипаттама беріп отырады. Сөйтіп, замандастарын жасампаздыққа, шығармашылыққа қарай үгіттейді, өзінің нағыз ағартушы екенін білдіреді [11, 5-б.].

2005 жылы қорғалған А. Тұрышевтың «Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этно-мәдени негіздері» [12] докторлық диссертациясын да айта кетуді жөн көрдік, осы докторлық жұмыстың нәтижесі бойынша бірнеше монографиялар жарық көрді. Жалпы айтқанда, бұл докторлық диссертация – Мәшһүр Жүсіптің тілі жағынан зерттелінген қомақты жұмыс. Осы еңбекте ақынның тіл байлығы кең, яғни, ол байырғы, ескі сөздерді (историзм, архаизм) көп қолданғанын, әсіресе, салт-тұрмысқа, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, үй-жиһаз, киім-кешек, аңшылыққа, киіз үйге қатысты, адам дүниеге келгеннен, өткенге дейінгі кезеңдегі қолданылған сөздер туралы зерттеу жүргізілген. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің тілінің зерттелуімен қоса, жанрлық-стильдік ерекшеліктеріне тоқтап аналитикалық талдау жасалынған ғалым М. Н. Баратованың «Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық стильдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясы Мәшһүртану ғылымына елеулі үлес қосқан жұмыстардың бірі болды. Теориялық тұрғыдан Мәшһүр Жүсіптің шығармаларының жеке стилі, өлеңдердің көркемдік мәнерлілігі, олардың қазақ поэзиясындағы орны негізделген. Ғалым ақын өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшеліктерін саралай отырып, Мәшһүр шығармашылығындағы дәстүр тағылымы, дәстүр сабақтастығын жан-жақты айқындап ашып көрсетті. Осы орайда қазақ әдебиетін әлем әдебиеті даму тұрғысынан қарастырып, дәстүр сабақтастығын, өзектестігін ашу үшін де, жекелеген ақындарға, атап айтқанда, артына мол мұра қалдырған Мәшһүр Жүсіпке кеңірек көңіл бөлу қажеттігі туғаны сөз болады [13, 4-б.]. Жалпы айтқанда, Мәшһүр Жүсіп шығармаларының көркемдік тарапы, ақынның тілі - әлі зерттеуін күтіп тұрған мәселелердің бірі.

Мәшһүр Жүсіп мұралары туралы сөз қозғайтын болсақ, артында қалған мол мұралардың ішінде әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзақ оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар, [14, 168-б.] оны былай қойғанда, араб, парсы және шағатай тілдеріндегі көшірмелерінің өзі бір үлкен жұмысты қажет ететін дүние. Ендігі кезекте ақын мұраларын зерттеп, мәртебесін көтеруде және оның шығармашылығының қанатын кең жайып кемелденуіне сүбелі үлес қосқан ақын ұрпақтарының еңбектерін ерекше атап өту керек. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 20 томдық мұрасын жарыққа шығару үшін аянбай еңбек еткен Қуандық Мәшһүр Жүсіптің зерттеу еңбектері бір төбе болса, шөберелері Г. Қ. Жүсіпова «Мәшһүр Жүсіп дастандары» және Н. Қ. Жүсіпов «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық еңбегі», 2001 жылы Е. Қ. Жүсіпов «Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы әдеби дәстүр» тақырыбындағы кандидаттық диссертацияларын қорғап, қомақты, сапалы еңбектер жазды. Ұлы ақынның ұрпақтары мен мұрагерлері Мәшһүр Жүсіптің әдеби мектебінің идеялары мен стилін дамытуды жалғастырды. Олар өз

шығармаларында Мәшһүрдің рухы мен эстетикасын өз халқына жеткізе алды, ақынның шығармашылығына енген идеялар мен тақырыптарды дамытты. Ұрпақтарының ұйытқы болуымен халықаралық деңгейдегі жыл сайынғы «Мәшһүр Жүсіп оқулары» конференциясы ұйымдастырылып, Мәшһүр Жүсіп феноменін республикалық дәрежеде таныта бастады.

Дархан даланың ұлы ғұламасы Мәшһүр Жүсіп тек өлең жазумен ғана шектелмей, сонымен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін көптеп жинаушылардың бірегейі. Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілері – қазақ әдебиетінің бай, мол, сарқылмас қазынасы. Осы орайда жазылған фольклорист ғалым Н. Қ. Жүсіповтің «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы фольклорист» атты іргелі монографиясында [15, 111-б.] Мәшһүр Жүсіптің фольклористика саласындағы еңбектерінің арнайы қарастырылмай келгендігін сөз етіп, осы тарапта жан-жақты зерттеу жүргізді. Бұл еңбекте Мәшһүр Жүсіптің жинаушылық әдістері, қалай жариялағаны, басқа фольклорист ғалымдардан фольклор жинау ерекшелігі талданды. Фольклор мен әдебиет үлгілерін көп мөлшерде жинауы жән оның біразын өзі көзі тірісінде баспа бетінде түрлі түсініктемелер бере отырып жариялауы - бәрі Мәшһүр Жүсіптің фольклор саласындағы еңбектерінің сан қырлы, ауқымды екенін дәлелдейді.

Ақынның жинаған фольклорлық мұрасы жөнінде бірнеше ғылыми жұмыстар жазылса да, әлі толық зерттелінді дей алмаймыз. Себебі қалдырған мұрасының қамтитын тақырып аумағы өте кең, жанрлық сипаты күрделі, көркемдік ерекшеліктерге бай, шығыс түркі әдебиетімен терең үндестігі, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы қызметі, шығармаларының негізгі идеясы, шығармашылығының зерттелуі көп жылдық қажырлы еңбекті талап етеді. Осынау мол мұра иесінің бүгінгі ғылыми жұмысымызға арқау болған туындысы үлкен еңбектің бір тамшысы іспеттес.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мынадай пайымға келдік. Ресей империясы мен Кеңес үкіметі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығына қаншама қысым көрсетіп, тарихтан өшіруге неше түрлі айла-шара қолданса да, ақын мұрасы өз оқырманымен табысуда. Сондай қиын заманды бастан кешірген ақын шығармашылығын зерттеу, зерделеу бір мезгіл толастаған емес. Мәшһүр жайлы жазылған құнды зерттеулер мен түрлі ғылыми еңбектер өте көп. Көптеген ғалымдар оның еңбектерін әр қырынан қарастырып, кейбіреулері оның еңбегін педагогикалық аспекті жағынан талдап, басқалары оның шығармаларынан діни дүниетаным жағын зерделеді, тіл мен әдебиет саласында Мәшһүр Жүсіптің мұраларын ғылыми тұрғыда талдап, таратып, тарқатып, бейнелеп беретін арнайы зерттеу еңбектер жазылды. Бірақ соған қарамастан ақынның шығармашылығы шынымен айсберг тәрізді, қай қырынан алып қарасаң да, қанша зерттесең де айтылмаған

жерлері өте көп. Біз осы жұмысымызда Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы бойынша барлық салада кімдер қарастырғанын қысқаша ғылыми шолу жасап, өзіміздің кейбір қорытындымызды жасауға тырыстық. Сонымен, Мәшһүр Жүсіп шығармаларын көптеген ғалымдар қарастырғанымен, оның еңбектерінде фольклорлық дәстүр туралы аз қарастырылғандықтан, бұл бағытта тереңірек назар аударуға тұрарлық мәселе деп есептейміз. Осы уақытқа дейін жазылған бар зерттеулерді талдап, саралап Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығындағы фольклорлық дәстүр саласы зерттеуді қажет ететін үлкен дүние деп айтуға болады. Халық ауыз әдебиеті мен Мәшһүр шығармашылығының өзара байланысын зерттеу жағы әлі де болса толықтай ашылмаған тарихи сыр десек қателеспейміз және бұл өз алдына жеке зерттеу тақырыбы бола алатын ойымызды алға тартуды жөн деп таптық.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Көпейұлы, М.** Мәшһүр-Жүсіп Шығармалары. [Текст]. 8 том. Павлодар. – 2006 жыл, 276 б.

2 **Әміренов, Ә. Д.** «XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» [Текст]. – Оқу құралы. Павлодар. – 2016. – 12 б.

3 **Махсат Алпысбес.** Мәшһүр Ғұламаның тарихнамалық ой мұрасы [Текст] // – 239 б.

4 **Муканова, Г. К.** Публицистика Смагула Садвокасова. Монография. [Текст]. Алматы. – 2013 – 57 б.

5 **Кенжебаев, Б.** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. [Текст]. – Алматы, 1976 – 63 б.

6 **Бейсембиев, К. Б.** Идейно-политические течения в Казахстане конца XIX – начала XX века. [Текст]. Академия наук КазССР; Алма-Ата : АН КазССР. – 1961 – 241 б.

7 **Бердібаев, Р.** Қазақ фольклористикасының тарихы. [Текст]. Алматы : Ғылым. – 1988. – 365 б.

8 **Попов, Ю. Г.** Многогранный талант Машхур-Жусупа Копеева. [Текст] // Лавровский сборник. Материалы XXXIV и XXXV среднеазиатско-кавказских чтений 2010–2011 гг. Этнология, история, археология, культурология СПб. : МАЭ РАН. – 2009. – С. 508.

9 **Семерьянов, Виктор** «Вершина Машхура» [Текст] // Павлодар. – 2005 – 32 б.

10 **Сүтжанов, С. Н.** «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы» [Текст] // Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дис. авторефераты. – Алматы. – 1994.

11 **Нұрмұратов, Серік.** Сатершинов Бақытжан. «Мәшһүр Жүсіп Көпеев дүниетанымының ерекшеліктері» [Текст] // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары – Алматы. – 2013. – Б. 5.

12 **Тұрышев, А. Қ.** Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері : Филол. ғыл. док. дисс. авторефераты. [Текст] // – Алматы. – 2005.

13 **Баратова, М. Н.** Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі Филол.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дис. авторефераты. [Текст] // – Астана. – 2006. – 4 б.

14 **Бөжеев Мұратхан** «Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында» Ұлы тұлғалар ғылыми-ғұмырнамалық серия. Сөз өнерінің зергері. [Текст] // – Алматы. – 2008 – 168 б.

15 **Жүсіпов, Н. Қ.** Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы фольклорист. [Текст]. Павлодар-Улаанбаатар. – 2001 – 111 б.

References

1 **Köpeiuly, M.** Mäshür-Jüsip Şyğarmalary. [Works Of Mashhur-Zhusup] [Text]. 8 tom. Pavlodar 2006 jyl, 276 p.

2 **Ämirenov, Ä. D.** «XX ĞASYR BASYNDAĖY QAZAQ ÄDEBIETI» [KAZAKH LITERATURE AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY] [Text]. – Oqu qūraly. Pavlodar, 2016. – 12 p.

3 **Mahsat Alpykses.** Mäshür Ğulamanyñ tarihnamalyq oi mūrası [The legacy of Mashhur’s historiographic thought] [Text] // – 239 p.

4 **Mukanova, G. K.** Publisistika Smagula Sadvokasova. Monografiya. [Smagula Sadvokasov’s journalism] [Text]. Almaty, 2013 – 57 p.

5 **Kenjebaev, B.** XX ğasyr basyndaĖy qazaq ädebieti. [Kazakh literature of the early XX century] [Text]. – Almaty, 1976 – 63 p.

6 **Beisembiev, K. B.** İdeino-politicheskie techenia v Kazahstane konsa XIX -nachala XX veka. [Ideological and political trends in Kazakhstan of the late XIX – early XX century] [Text]. Akademianauk KazSSR ; Alma-Ata : AN KazSSR, 1961 – 241 p.

7 **Berdibaev, R.** Qazaq fölkloristikasynyñ tarihy. [History of Kazakh folkloristics] [Text]. Almaty : Ğylym, 1988. – 365 p.

8 **Popov, İu. G.** Mnogogrannyi talant Maşhur-Jusupa Kopeeva. [The multifaceted talent of Mashkhur-Zhusup Kopeev] [Text] // Lavrovski sbornik. Materialy XXXIV i XXXV sredneaziatsko-kavkazskih chteni 2010 – 2011 gg. Etnologia, istoria, arheologia, külturologia SPb. : MAE RAN, 2009. – P. 508.

9 **Semeränov, Viktor.** «Verşina Maşhura» [Peak of Mashkhur] [Text] / Pavlodar, 2005 – 32 p.

10 **Sütjanov, S. N.** «Mäshür Jüsip Köpееvтің әдеби мұрасы» [Literary heritage of Mashkhur Zhusup Kopeev] [Text] // Filol. ğyl. kand. ğylymi дәреjesin alu üşin daiyndaġan dis. avtoreferaty. – Almaty, 1994.

11 **Nürmüratov, Serik.** Saterşinov Baqytjan. «Mäshür Jüsip Köpееv дүниетанымның ерекшеліктері» [Features of Mashkhur Zhusup Kopeev's worldview] [Text] // Qazaqstan Respublikasy Ülttyq Ğylym Akademiasynyñ Habarlary – Almaty, 2013 – P. 5

12 **Türyşev, A. Q.** Mäshür Jüsip şyġarmalary leksikasynyñ etnomädeni negizderi : Filol. ğyl. dok. diss. avtoreferaty. [Ethnocultural foundations of the vocabulary of Mashhur Zhusup's works] [Text] // – Almaty, 2005.

13 **Baratova, M. N.** Mäshür Jüsip öleñderiniñ janrylyq-stildik ерекшелігі Filol. ğyl.kand. ğylymi дәреjesin alu üşin daiyndaġan dis. avtoreferaty. [Genre and stylistic features of Mashhur Zhusup's poems] [Text] // – Astana, 2006. – 4 p.

14 **Böjeev Mürathan** «Mäshür Jüsip müralary haqynda» Üly tülġalar ğylymi-ġümyrnamalyq seria. Söz öneriniñ zergeri. [About the heritage of Mashhur Zhusup] [Text] // Almaty, 2008 – 168 p.

15 **Jüspov, N. Q.** Mäshür-Jüsip Köpeiüly fökloris. [Mashkhur-Zhusip Kopeev folklorist] [Text]. Pavlodar-Ulaanbaatar, 2001 – 111 p.

12.06.24 ж. баспаға түсті.

30.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Ф. Талипова

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 12.06.24.

Поступило с исправлениями 30.07.24.

Принято в печать 26.08.24.

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТВОРЧЕСТВА МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА

Данная статья представляет собой комплексный анализ фольклорного наследия Машхур Жусупа Копеева и того, на каком уровне его творчество изучено сегодня. Всестороннее изучение творчества Машхур Жусупа Копеева, внесшего большой вклад в развитие казахской литературы, в том числе в развитие фольклорной науки, является одной из актуальных тем современности. Известные ученые и литературоведы для более глубокого понимания и оценки его вклада в казахскую литературу и культуру занимались

изучением трудов Маишхур Жусуп Копеева. Среди таких исследователей можно назвать докторов наук в области языка и литературы, истории и философии, психологии и педагогики, этнографии, культурологии, ученых-фольклористов, чьи работы помогут расширить наше понимание творчества Маишхур Жусупа и его роли в истории и культуре Казахстана.

Анализируя различные исследовательские работы, посвященные творчеству Маишхур Жусупа, фольклору, цель статьи – определить, насколько хорошо изучено богатое наследие поэта, а также определить и раскрыть в какой области наследия Маишхур Жусупа еще не проведен полный анализ.

Ключевые слова: Маишхур Жусуп, фольклор, культурное наследие, Маишхуроведение, история изучения.

*A. F. Talipova

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 12.06.24.

Received in revised form 30.07.24.

Accepted for publication 26.08.24.

THE HISTORY OF STUDYING THE WORK OF MASHKHUR ZHUSUP KOPEEV

This article is a comprehensive analysis of the folklore heritage of Mashkhour Zhusup Kopeev and the level at which his work is studied today. A comprehensive study of the work of Mashkhour Zhusup Kopeev, who made a great contribution to the development of Kazakh literature, including the development of folklore sciences, is one of the relevant topics of today.

Famous scientists and literary scholars studied the works of Mashkhour Zhusup Kopeev to better understand and evaluate his contribution to Kazakh literature and culture. Among such researchers are doctors of science in the field of language and literature, history and philosophy, psychology and pedagogy, ethnography, cultural studies, folklorists, whose works will help expand our understanding of the work of Mashkhour Zhusup and his role in the history and culture of Kazakhstan.

Analyzing various research papers devoted to the work of Mashkhour Zhusup, folklore, the purpose of the article is to determine how well the poet's rich heritage has been studied, as well as to identify and reveal in which area of Mashkhour Zhusup's heritage a complete analysis has not yet been carried out.

Keywords: Mashkhour Zhusup, folklore, cultural heritage, Mashkhour studies, history of study.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz